

Үшарал – Достық республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолын (жол учаскесін) ақылы негізде пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2025 жылғы 13 тамыздағы № 262 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 20 тамызда № 36629 болып тіркелді

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) II санатты Үшарал – Достық республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының Үшарал – Достық 0+000 км – 123+000 километр (бұдан әрі – км) учаскесі ақылы негізде (бұдан әрі – ақылы жол (учаске) пайдаланылатыны;

2) жүріп өту мынадай баламалы жол арқылы жүзеге асырылуы мүмкін: республикалық маңызы бар "Алматы – Талдықорған – Өскемен – Шемонаиха – Ресей Федерация шекарасы (Үбе өткізу пункті)" автомобиль жолының "Үшарал – Таскескен" учаскесі, республикалық маңызы бар "Таскескен – Бақты – Қытай Халық Республикасы (Бақты өткізу пункті)" автомобиль жолының "Таскескен – Мақаншы" учаскесі;

3) ақылы жолдың (учаскенің) бастапқы пункті – 0+000 км, ақылы жолдың (учаскенің) соңғы пункті – 123+000 км;

4) ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

5) ақылы жолдың (учаскенің) техникалық сыныптамасы – II санаты, ақылы жолдың (учаскенің) негізгі параметрлері:

автомобиль жолымен жүріп өту жолағының ені – кемінде 3,75 метр;

автомобиль жолындағы қозғалыс жолақтың саны – екі бағытта – 1 жолақ;

6) ақылы жолдың (учаскенің) ұзақтығы – 123 км;

7) ақылы автомобиль жолы арқылы жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес айқындалатыны;

8) басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

9) ақылы жолды (учаскені) ақылы негізде пайдалану мерзімі – 20 жыл деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы

М. Калиакпаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін
атқарушы
2025 жылғы 13 тамыздағы
№ 262 Бұйрықтың
1- қосымшасы

Ақылы жолдың (учаскенің) басқа автомобиль жолдарымен қиылысулар және басқа автомобиль жолдарына қосылулар тізбесі

Қиылысулар мен қосылулар мекенжайы км + метр	Көзделген қиылысу мен қосылу бойынша елді мекендердің атауы
33 км 700 м	Жайпақ ауылы
65 км	Көктума ауылы
70 км 500 м	Октябрь ауылы
115 км	Жалаңашкөл ауылы

Бұйрықтың 2-қосымшасы

Ақылы автомобиль жолы (учаскесі) бойынша жүріп өту үшін төлем мөлшерлемелері

Үшарал – Достық учаскесі 0+000 км – 123+000 км "Үшарал – Достық" жалпыға ортақ пайдаланымдағы республикалық маңызы бар II санаттағы автомобиль жолы (бұдан әрі – ақылы жол (учаске)):

АЕК:

№	Аймақ	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі – тн) дейін жүк автомобильдері	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк автомобильдері	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар	Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк автомобильдері	Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыш тар

1	2	3		4		5		6		7	
		Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем	Кейінгі төлем	Алдын ала төлем
1	км 0+ 000 - км 13+ 000 (13 км)	0,0228	0,0193	0,0459	0,0391	0,0687	0,0584	0,0920	0,0782	0,1148	0,0975
2	км 13+ 000 - км 43+ 000 (30 км)	0,0526	0,0445	0,1060	0,0903	0,1585	0,1348	0,2124	0,1806	0,2649	0,2251
3	км 43+ 000 - км 64+ 320 (21 км 320 метр)	0,0374	0,0316	0,0753	0,0642	0,1127	0,0958	0,1509	0,1283	0,1883	0,1600
4	км 64+ 320 – км 123+ 000 (58,68 км)	0,1028	0,0871	0,2073	0,1766	0,3101	0,2637	0,4154	0,3532	0,5182	0,4402
4	Бір бағытта ғы бүкіл маршру тың жалпы саны (123 км)	0,2155	0,1825	0,4345	0,3702	0,6500	0,5526	0,8707	0,7403	1,0862	0,9228

1) абоненттік төлем – автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысы, ақылы учаскеге іргелес елді мекендерде тіркелген жергілікті автокөлік құралдары үшін белгілі бір уақыт кезеңіне абонемент түрінде бір ауданнан тыс жерде бір айға немесе бір жылға ауысқан кезде;

2) абоненттік төлем жергілікті көлік үшін көлік құралының түріне және жүк көтергіштігіне қарай белгіленеді:

бір айға (күнтізбелік 30 күн):

Көлік түрі	16 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін	32 орынға дейінгі автобустар және жүк көтергіштігі 5,5 тн	32 орыннан асатын автобустар және жүк көтергіштігі	Жүк көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк	Жүк көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш
------------	---	---	--	---	--

	ж ү к автомобильдері үшін	тн дейін жүк автомобильдері үшін	10 тн дейін автопоездар үшін	автомобильдері үшін	және ершікті тартқыштар үшін
1	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	1 АЕК	2 АЕК	3 АЕК	4 АЕК	5 АЕК

бір жылға (күнтізбелік 365 күн):

Көлік түрі	16 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға (бұдан әрі - тн) дейін ж ү к автомобильдері үшін	32 орынға дейінгі автобус тар және жүк көтергіштігі 5,5 тн дейін жүк автомобильдері үшін	32 орын нан асатын автобустар және жүк көтергіштігі 10 тн дейін автопоездар үшін	Ж ү к көтергіштігі 10 тн жоғары 15 тн дейінгі жүк автомобильдері үшін	Ж ү к көтергіштігі 15 тн жоғары, оның ішінде тіркелгіш және ершікті тартқыштар үшін
1	3	4	5	6	7
Абоненттік төлемнің құны	12 АЕК	24 АЕК	36 АЕК	48 АЕК	60 АЕК

3) аймақ – жүк көтергіштігі мен көлік құралының түріне байланысты өзінің ұзақтығы мен жол ақысының белгілі бір мөлшері бар ақылы учаскенің жол сегменті;

4) алдын ала төлеу – ақылы учаскеге кіргенге дейін пайдаланушы дербес шотқа және/немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептеген ақшалай қаражат , оның сомасы жол ақысын төлеу үшін жеткілікті;

5) жергілікті автокөлік – бір аудан шегінен тыс қозғалу кезінде ақылы учаскесіне іргелес әкімшілік- аумақтық бірлікте (облыстың ауданы) белгіленген тәртіппен тіркелген көлік құралы.

Ескерту:

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЕК - айлық есептік көрсеткіш;

км - километр;

м - метр;

т - тонна.

Бұйрықтың 3-қосымшасы

Басқа автомобиль жолымен баламалы түрде жүре алмайтын, іргелес елді мекендердің тізбесі

№	Елді мекеннің атауы
Жетісу облысы	
Алакөл ауданы	
1	Ынтыалы ауылы
2	Көктума ауылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК